

## **Байланыс туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы N 382 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05. N 567 Заңымен

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың аталған қызметті реттеу жөніндегі өкілеттігін, байланыс қызметін көрсететін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

### **I-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Байланыстың мақсаты**

1. Байланыс Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымының ажырағысыз бөлігі болып табылады және оның аумағында қауіпсіздіктің, қорғаныстың, құқық тәртібін қорғаудың, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың байланыс қызметіне деген қажеттігін қанағаттандыруға арналып өзара үйлестірілген өндірістік-шаруашылық кешен ретінде жұмыс істейді.

2. Байланыс құралдары мен есептеу техникасы ақпаратты жинау, сұрыптау, жинақтау және тарату процесін қамтамасыз етудің техникалық базасын құрайды.

#### **2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар <\*>**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) телефон жалғау қызметіне ақы төлеудің абоненттік белгіленген жүйесі (бұдан әрі - қызметке ақы төлеудің абоненттік жүйесі) - байланысты пайдаланушының белгілі бір уақыт кезеңіндегі төлемдер сомасы абоненттік желіні, оның түріне қарамастан, абонентке тұрақты пайдалануға беру ақысын және бір абонентке шаққанда оның орташа ұзақтығына қарай жергілікті телефон жалғау ақысын қамтитын қызметке ақы төлеу жүйесі;

2) байланыстың ведомстволық желілері - телекоммуникациялардың өндірістік және арнайы мұқтаждарды қамтамасыз ету үшін құрылатын, жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне шыға алатын желілері;

3) телекоммуникациялардың өзара үйлестірілген желісі - Қазақстан Республикасының аумағындағы телекоммуникациялардың технологиялық жағынан септестірілген, орталықтандырылған басқарумен қамтамасыз етілген ж е л і л е р і н і ң к е ш е н і ;

4) байланыстың бөлектелген желілері - жеке және заңды тұлғалардың пайдаланушылар шеңберін сол желінің иесі белгілейтін, жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне шыға алмайтын, телекоммуникациялар желілері;

5) жалпы қолжетімді қызметтер - кез келген пайдаланушыға көрсетілетін, сапасы қанағаттандырарлық бірінші кезекте қажетті байланыс қызметтері;

6) байланыс операторы - байланыс қызметтерін көрсетуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға ;

7) телекоммуникациялар желілерінің күзетілетін аймағы - ондағы өсімдіктерімен және құрылыстарымен қоса алғанда, байланыс желісін бойлай және байланыс объектілерінің айналасына орналасқан жер учаскесі;

8) телефон жалғау қызметіне уақытына қарай ақы төлеу жүйесі (бұдан әрі - қызметке уақытына қарай ақы төлеу жүйесі) - байланысты пайдаланушының белгілі бір уақыт кезеңіндегі төлемдер сомасы тұрақты құрамдас бөліктен - абоненттік желіні, оның түріне қарамастан, абонентке тұрақты пайдалануға бергені үшін төленетін ақыдан және уақытына қарай құрамдас бөліктен - тарифтеу бірлігінің іс жүзіндегі ұзақтығына қарай жергілікті телефон жалғау ақысынан тұратын ақы төлеу жүйесі;

9) байланысты пайдаланушы - байланыс қызметін тұтынушы, соның ішінде байланыс операторларымен жасасатын шарттар негізінде тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға (абонент);

10) почта байланысы - почта жөнелтілімдерін қабылдау, сұрыптау, тасымалдау және жеткізу, сондай-ақ ақша аудару;

11) почта жөнелтілімдері - хаттар, почта карточкалары, бандерольдер, пакеттер, посылкалар, почта контейнерлері, сондай-ақ тиісінше буылып-түйілген баспа басылымдары;

12) трафикті өткізу - байланысты пайдаланушылар (байланыс желілері) арасында жалғауды жолға қою мен ақпарат беру процесін жүзеге асыру;

13) радиожилік спектрі - радиожиліктердің белгілі бір жиынтығы;

14) байланыс - ақпарат пен почта жөнелтілімдерін қабылдау, жинау, сұрыптау, жинақтау, беру, жеткізу және тарату;

15) телекоммуникациялар желісі - хабар берудің бір немесе бірнеше түрін: телефон, телеграф, факсимиле түрлерін, деректер мен құжаттық хабардың басқа да түрлерін беруді, телевизиялық, дыбыстық және радио мен сым-өткізгіш арқылы хабар таратудың өзге де түрлерін қамтамасыз ететін технологиялық жүйелер ;

16) жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі телекоммуникациялардың өзара үйлестірілген желісінің барлық жеке және заңды тұлғалардың пайдалануы үшін ашық құрамдас бөлігі;

17) жергілікті телефон жалғау құнын уақытына қарай есептеу жүйесі (бұдан

әрі - жергілікті телефон жалғауды уақытына қарай есептеу) - жергілікті телефон жалғауды есептеудің жергілікті телекоммуникациялар желісі қызметін пайдаланғаны үшін төлемдер сомасының есебін қамтамасыз ететін технологиялар мен тәсілдер жиынтығы;

18) байланыс құралдары - телекоммуникациялар хабарламаларын не почта жөнелтілімдерін қалыптастыру, сұрыптау, беру немесе қабылдау үшін пайдаланылатын техникалық құралдар;

19) телекоммуникация - көмегімен сым-өткізгіш, оптика, радио және басқа электромагниттік жүйелер бойынша белгілер, сигналдар, мәтіндер, бейнелер, дыбыстар беру немесе қабылдау жүргізілетін құралдар жиынтығы;

20) трафик - телекоммуникациялар желілері арқылы берілетін хабарламалар жиынтығы;

21) байланыс қызметтері почта жөнелтілімдерін немесе телекоммуникациялар хабарламаларын қабылдау, сұрыптау, сақтау, беру және жеткізу жөніндегі қызмет. < \* >

*Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 379 Заңымен.*

### **3-бап. Байланыс саласындағы заңдар**

Байланыс саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың нормаларына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

### **4-бап. Байланыс саласындағы қызметтің негізгі принциптері**

Байланыс саласындағы қызмет:

1) байланыс қызметін пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау ;

2) телекоммуникациялар желілері мен құралдары арқылы хабарламалар беру еркіндігі, почта жөнелтімдерін қабылдау, жеткізу және транзиттеу еркіндігі;

3) жеке және заңды тұлғалардың байланыс саласындағы қызметке қатысу және оның нәтижелерін пайдалану құқықтарының теңдігі;

4) адал бәсеке ;

5) Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай стандарттардың негізінде желілік технологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, байланыстың сенімділігі мен басқарылуын қамтамасыз ету;

6) байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, дүниежүзілік байланыс жүйесіне интеграциялануға жәрдемдесу негізінде жүзеге асырылады.

### **2-тарау. Байланыс саласындағы қызметті реттеу**

## **5-бап. Байланыс саласындағы уәкілетті орган**

1. Байланыс саласындағы қызметті реттеуді мемлекеттік орган жүзеге асырады. Уәкілетті мемлекеттік орган шығаратын нормативтік құқықтық актілер және оның өз өкілеттігі шегінде қабылдайтын шешімдері байланыс қызметін көрсететін немесе оны пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар үшін олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан міндетті болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органның негізгі міндеттері мыналар:

1) байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және оның іске асырылуын қамтамасыз ету, байланыс саласындағы жалпы реттеу;

2) телекоммуникациялардың жұмыс істеуі мен дамуын алқалық негізде салааралық үйлестіріп отыру;

3) байланыс саласындағы қызметке мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылау жасауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4) радиожиилік спектрін бөлу мен пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

5) байланыс саласындағы қызметті лицензиялау және радиожиилік спектрін пайдалану;

6) байланыс қызметін көрсету кезінде адал бәсекелестікті қолдау;

7) почта төлемінің мемлекеттік таңбаларын (почта маркалары, блоктар, маркалы конверттер мен карточкалар) шығару;

8) байланыс саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына, сондай-ақ кадрларды оқытуға, даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру.

## **6-бап. Радиожиилік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын пайдалануды реттеу**

1. Радиожиилік спектрі мен жерсеріктерінің орбиталық позицияларын пайдалануды реттеу мемлекеттің ерекше құзыретінде болады.

2. Радиожиилік спектрін бөлу, сондай-ақ радиожиилік пен байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын мемлекет мүдделеріне тиімді пайдалану саласындағы саясатты жасау мен іске асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі қамтамасыз етеді.

3. Шектеулі табиғи ресурс болып табылатын радиожиилік спектрін пайдалану ақылы негізде жүзеге асырылады. Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке ақы төлеудің жылдық ставкалары, оны есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында радиожиилік спектрін бөлу мен тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында байланыс саласындағы уәкілетті орган:

1) радиоэлектрондық құралдар мен жиілігі жоғары қондырғыларды жобалау, салу, пайдалану және шетелдерден әкелу тәртібі жөніндегі;

2) байланыс құралдарын, соның ішінде телерадиохабарын тарату мақсаты үшін пайдаланылатын құралдарды және электромагниттік сәулелену көзі болып табылатын өзге де техникалық құралдарды міндетті түрде тіркеу жөніндегі;

3) радио бақылауын және радио қабылдауын индустриялық кедергілерден қорғауды жүргізу жөніндегі, радиожиилік спектрін пайдалануды мемлекеттік техникалық қадағалау мен бақылау жөніндегі;

4) Халықаралық электр байланысы одағының Радио байланысы регламентіне сәйкес радиожиилікті халықаралық үйлестіру жөніндегі рәсімдердің әзірленуін және орындалуын қамтамасыз етеді.

5. Байланыс құралдары, соның ішінде телерадиохабарын тарату үшін пайдаланылатындары, электромагниттік сәулелену көздері болып табылатын өзге де техникалық құралдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

*Ескерту. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .*

#### **7-бап. Ұлттық байланыс операторы**

1. Кез келген елді мекенде кез келген пайдаланушыға жалпы жұртқа ыңғайлы байланыс қызметінің көрсетілуін қамтамасыз етуді өз міндетіне алған жалпы пайдаланыстағы байланыс желісінің операторы ұлттық байланыс операторы болады.

2. Ұлттық оператор туралы ережені Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### **8-бап. Төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Үкімет анықтайтын тізбе бойынша мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен және Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен, сондай-ақ қарауында ведомстволық байланыс желілері бар атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, байланыс саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантиндер, өзге де төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, кез келген байланыс

желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.

3. Байланыс желілері мен құралдарының иелері теңіздегі, жердегі, әуедегі, ғарыш кеңістігіндегі адам өмірінің қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасында қорғаныс, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғау саласында шұғыл шаралар жүргізуге қатысты барлық хабарламаларға, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы хабарламаларға толық басымдық беруге тиіс.

4. Төтенше жағдайларда пайдалануға арналған байланыс пен хабарландырудың арнаулы жүйелерін Ұстауға байланысты шараларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

### **9-бап. Байланыс операторларының жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдармен өзара**

#### **іс-қимылы**

1. Меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында іс-қимыл жасайтын байланыс операторлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға барлық байланыс желілерінде жедел-іздістіру шараларын жүргізуге ұйымдық және техникалық мүмкіндіктер берілуін қамтамасыз етуге, аталған шараларды жүргізудің нысандары мен әдістерінің ашылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Байланыс құралдары жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда пайдаланылған жағдайда мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, кез келген байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.

### **10-бап. Байланыстың техникалық құралдарын сертификаттау**

1. Қазақстан Республикасының өзара үйлестірілген желісінде пайдаланылатын барлық техникалық байланыс құралдары, электромагниттік сәулелену көздері болып табылатын радиоэлектрондық құралдар мен жиілігі жоғары құрылғылар, почта байланысының техникалық құралдары белгіленген стандарттарға, өзге де нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігі жөнінен міндетті түрде сертификатталуға тиіс.

2. Техникалық байланыс құралдарын сертификаттау сынақтары (сертификаттау) олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нормативтік актілердің талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесінде

тіркелген техникалық байланыс құралдарын сертификаттау жөніндегі органдар сертификаттау орталықтарының немесе зертханаларының сол органдар бекітетін бағдарламалар мен әдістемелер бойынша жүргізілетін сертификаттау рәсімдері аяқталғаннан кейін белгіленген үлгідегі сертификаттар береді.

4. Байланыс саласындағы сертификаттауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

### **11-бап. Байланыс, радиожилік спектрін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау**

1. Жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде шетелдік тұлғалардың байланыс қызметін көрсетуге және (немесе) радиожилік спектрін пайдалануға байланысты қызметі лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

2. Лицензиялардың түрлері мен қолданылу мерзімдері, оларды беру, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату шарттары, лицензия берудің өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарымен регламенттеледі.

### **12-бап. Радиожилік спектрін пайдалануды лицензиялау ерекшеліктері**

1. Радиожилікті - ұялы, дербес байланысты пайдаланатын қызметтерді, ғаламдық жылжымалы дербес жерсеріктік байланыс жүйесінің қызметтерін, эфирлік-кабельдік теледидар жүйелерін пайдаланатын теледидар бағдарламаларын бөлу бойынша қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметке лицензиялар тек конкурстық негізде ғана беріледі.

2. Радиотелефон немесе радио байланысының жылжымалы желілерін, телекоммуникациялардың бекітілген желілеріне радионың қосылуын, деректер беру желілерін ұйымдастыру үшін радиожилік спектрінің жолдарын (номиналдарын) бөлу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес конкурстық негізде жүргізілуі мүмкін.

Байланыс саласындағы уәкілетті орган өткізген конкурс қорытындылары бойынша радиожилік спектрінің жолдарын (номиналдарын) пайдалануға алған кезде жеңімпаз Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерлерде мемлекеттік бюджетке біржолғы төлем енгізеді.

Конкурс қорытындылары бойынша анықталған мемлекеттік бюджетке біржолғы төлемді енгізу тәртібін конкурстық комиссия белгілейді.

3. Конкурс немесе аукцион өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Радиожилік жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясының шешімдерін негізге ала отырып, байланыс саласындағы уәкілетті орган қабылдайды. Конкурстарға немесе аукциондарға қатысуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға және конкурс немесе аукцион өткізу ережелеріне сәйкес келетін, соның ішінде тиісті лицензиялары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

4. Теледидар және дыбыс (радио хабарлары) бағдарламаларын тарату (радиожиілік спектрінің хабар беретін техникалық құралдары мен номиналдарын пайдалану) құқығына лицензиялар жеке және заңды тұлғаларға баспасөз істері мен бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып беріледі.

Эфирлік-кабельдік теледидар жүйелерін қоспағанда, радиожиілік номиналдарын (арналарын) теледидар мен радио хабарларының мақсатына бөлу тәртібін баспасөз істері және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі уәкілетті орган белгілейді, соның өтінімі бойынша есеп айырысу, радиожиілікті халықаралық үйлестіру мен беру жүргізіледі.

4-1. Радиожиілік спектрін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттық құжаттармен расталады.

Бұл ретте телевизия және радио хабарларын тарататын ұйымдарға рұқсат бергені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

Конкурс өткізу арқылы радиожиілік спектрінің жолдарын (номиналдарын) бөлу кезінде радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсатты аталған соманы мемлекеттік бюджетке толық көлемде енгізгенін растайтын құжатты төлемші табыс еткеннен кейін байланыс саласындағы уәкілетті орган береді.

5. Радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат лицензиялардың иелеріне өтінішпен есеп айырысуды жүргізу үшін қажетті деректер берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей беріледі. Басқа да негізгі пайдаланушылармен немесе шектес мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында) Халықаралық электр байланысы одағының Радио байланыс регламентіне сәйкес үйлестіру жүргізілген жағдайда өтінішті қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауы керек, ол жөнінде өтініш берушіге алдың ала жазбаша түрде хабарлануға тиіс.

6. Лицензиярдың:

1) радиожиілік тиісті рұқсаттарды ресімдемей пайдаланылған;  
2) радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеуді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген күннен бастап бір айдан астам мерзімге кешіктірген;

3) лицензиат өзіне бекітіліп берілген радиожиілікті басқа пайдаланушыға уақытша немесе тұрақты пайдалануға берген;

4) лицензиат радиоэлектрондық жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзып, ол кедергілер жасауға, электромагниттік жүйелердің жұмыс істеуінің белгіленген нормаларын бұзуға әкеп соққан жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқығы бар.

7. Егер лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы хабар алған кезден бастап отыз күн ішінде оның иесі тәртіп бұзушылықты жоймаса, лицензиардың лицензиатты заңдарға сәйкес жауапқа тартуға құқығы бар.

*Ескерту. 12-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .*

### **13-бап. Байланыс қызметіне тарифтер**

1. Байланыс қызметіне тарифтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес байланыс операторлары белгілейді және оператор белгілі бір байланыс қызметтері рыногында басым жағдайға ие болып отырса, табиғи монополияларды реттеу мен бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті орган р е т т е й д і .

2. Уәкілетті органның тізбесі бойынша шұғыл көрсетілетін жедел қызметтерді шақыруды барлық байланыс операторлары пайдаланушылар үшін т е г і н жү р г і з е д і .

3. Байланыс қызметін пайдалануға арналған жеңілдіктерді белгілеу кезінде толық алынбаған кірісті өтеуді тиісті жеңілдікті белгілеген орган жүзеге асырады .

## **3-тарау. Байланыс желілері**

### **14-бап. Өзара үйлестірілген телекоммуникациялар желілері**

1. Қазақстан Республикасының өзара үйлестірілген телекоммуникациялар желісін дамыту мен жетілдіру оларды кешенді пайдалану, тиімділігін арттыру мен тұрақты жұмыс істеу мүддесінде телекоммуникациялардың барлық желілері мен құралдарының технологиялық біртұтастығы ескеріліп, саланы және Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту стратегиясы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі телекоммуникациялардың өзара үйлестірілген желісінің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының аумағында барлық жеке және заңды тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуге арналған, сондай-ақ бөлектелген және ведомстволық желілерді қоспағанда, бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасы телекоммуникацияларының бүкіл желісін қ а м т и д ы .

3. Байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының өзара үйлестірілген телекоммуникациялар желісінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен оны тұрақсыздандырушы факторлардың ықпалынан қорғау мақсатымен байланыс операторлары мен желілерді жедел-техникалық басқару жүйелерінің өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

4. Байланыстың ведомстволық желілері тиісті мемлекеттік органдардың

өндірістік және арнайы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін құрылып, жұмыс істейді, солардың қарауында және пайдалануында болады. Байланыстың ведомстволық желілерін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісімен септестіру байланыстың ведомстволық желілерінің техникалық құралдары мен байланыс ғимараттарының жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі үшін белгіленген талаптар мен техникалық нормаларға сәйкестігі қамтамасыз етілген жағдайда шарт негізінде жүргізіледі. Осы Заңның 11, 12-баптарына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың иелері оларды алған жағдайда байланыстың ведомстволық желілері халыққа және басқа да телекоммуникацияларды пайдаланушыларға байланыс қызметтерін көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының аумағында байланыстың бөлектелген желілерін кез келген жеке және заңды тұлғалар құра алады. Бөлектелген байланыс желілері операторларының байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі қызметіне осы Заңның 11, 12-баптарына сәйкес лицензиялау туралы талап қ о л д а н ы л а д ы .

6. Байланыстың бөлектелген желілері жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне септестірілген жағдайда аталған желілер жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі санатына өтеді.

7. Өз мұқтаждарын, ішкі өндірістік мақсаттарын қанағаттандыру, халыққа қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғалар жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне шығу жолы бар өзге де телекоммуникациялар желілерін құра алады. Әртүрлі операторлардың телекоммуникациялар желісін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникация желілерімен қосу, трафик өткізуді реттеу және желіге қосқаны үшін өзара есеп айырысуды жүргізу мен желілік ресурстарды өзара пайдалану тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

8. Радио және теледидар хабарларының желілері өзара үйлестірілген телекоммуникациялар желісінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағы мен шет елдерге теледидар және дыбыс (радиохабар) бағдарламаларын тарату мен көрсету үшін пайдаланылатын жер бетіндегі және жерсеріктік хабар тарату жүйелерінің біртұтас өндірістік-технологиялық кешенін құрайды. Жер бетіндегі жүйелер радиорелелі және кабелді байланыс желілерін, қуаты әртүрлі радиотаратқыштар мен мемлекеттік және коммерциялық бағдарламаларды беруге арналған басқа да құралдарды қамтиды. Жерсеріктік жүйелер халықаралық жерсеріктік ұйымдарға, жекелеген мемлекеттерге тиесілі орбиталық жерсеріктік байланыспен жер бетіндегі хабар беруші және қабылдаушы станцияларды қамтиды.

9. Мемлекеттік телерадио бағдарламаларын тарату және көрсету үшін байланыс операторларының техникалық құралдары мен арналарын пайдалана

отырып, өзара үйлестірілген телекоммуникациялар желілеріне негізделетін республикалық және аймақтық радио және телехабарлар тарату желілері құрылады. Коммерциялық телерадио хабарларын таратушы ұйымдар өз бағдарламаларын тарату және көрсету үшін өз желілерін де, сондай-ақ шарттық жағдайлармен телекоммуникациялардың басқа желілерін де пайдалана алады.

10. Бағдарламаларды тарату мен көрсетуден басқа, меншік нысандарына қарамастан, радио және теледидар хабарларын тарату желісі қорғаныс, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау мүдделерінде, бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлар мен ерекше кезеңде, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру кезінде хабарлау белгілерін беру үшін пайдаланылады.

### **15-бап. Арнаулы және фельдъегерлік байланыс**

1. Арнаулы және фельдъегерлік байланыс ұйымдары мемлекеттік органдардың ерекше маңызды хат-хабарларын және бағалы металдар, зергерлік бұйымдар, аспаптар, аппаратуралар мен қорғаныс өнеркәсібінің құрастырушы бұйымдары бар арнаулы жөнелтімдерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер мен олардың көздерін қабылдап алуды, сақтауды, тасымалдау мен жеткізіп беруді қамтамасыз етеді.

2. Арнаулы және фельдъегерлік байланыстың адам құрамының нысанды киімі болады, олар қызметтік-штаттық қарумен, қорғаныс және байланыстың арнаулы құралдарымен қамтамасыз етіледі.

3. Арнаулы және фельдъегерлік байланыс ұйымдары адам құрамының ішкі кестесі, бағыныстылығы мен тәртібі осы қызметтер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтік құқықтық актілермен р е г л а м е н т т е л е д і .

4. Арнаулы және фельдъегерлік байланыс ұйымдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің фельдъегерлік-почта байланысының, почта байланысы ұйымдарының өзара қатынастары байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

### **16-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғанысының, қауіпсіздігі мен құқық тәртібін қорғаудың қажеттеріне арналған байланыс желілері**

1. Үкіметтік байланысты Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін арнайы уәкілетті органдар қамтамасыз етеді. Аталған органдар өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік құпиялардың сақталуын жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын байланыстың арнаулы түрлерімен қамтамасыз етеді. Аталған байланыс органдарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасында қорғаныстың, қауіпсіздік пен құқық тәртібін

қорғаудың қажеттеріне арналған байланысты жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің негізі ретінде пайдаланылатын арнаулы телекоммуникациялар желілері қамтамасыз етеді.

3. Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілері мен ведомстволық байланыс желілерінің арналары Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шарт негізінде беріледі.

4. Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғанысының, қауіпсіздігі мен құқық тәртібін қорғаудың қажеттері үшін әзірлеу мен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Меншік нысандарына қарамастан байланыс операторлары Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдардың, қорғаныстың, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қорғаудың қажеттері үшін байланыс арналарын басымдықпен беруді қамтамасыз етуге және байланыс арналары бүлінген жағдайда оларды алмастыру немесе қалпына келтіру жөнінде бірінші кезекте және шұғыл шаралар қолдануға м і н д е т т і .

6. Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, байланыс операторлары соттың шешімі болмаған ретте үкіметтік байланыс арналарын ажыратып тастай алмайды.

### **17-бап. Почта байланысы**

1. Почта байланысының желісі почта жөнелтімдерін, ақша аударымдарын қабылдауды, сұрыптауды, тасымалдау мен жеткізуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ шарт негізінде мерзімді баспасөзді жөнелтуді, жеткізу мен таратуды, зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізіп беруді ұйымдастыратын ұйымдар мен көлік құралдарының біртұтас технологиялық жүйесі болып табылады.

2. Әскери жөнелтімдердің сұрыпталуы мен табыс етілуін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің фельдъегерлік-почта байланысы жүзеге а с ы р а д ы .

3. Почта байланысы қызметін байланыс саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен беретін лицензиялардың негізінде почта байланысының мемлекеттік емес ұйымдары көрсетуі мүмкін.

4. Почта жөнелтімдерін жеткізіп беру мерзімдері байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

5. Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Почта жөнелтімін жіберуші оның бағаланымын салыным құны шегінде жариялауға құқылы.

#### **4-тарау. Байланыс құралдарын, ғимараттарын, радиожилік спектрін және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын қорғау мен күзету**

##### **18-бап. Байланыс желілерінің күзетілетін аймақтары**

1. Байланыс желілерінің сақталуын, техникалық құралдардың, ғимараттар мен құрылғылардың пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында күзетілетін аймақтар мен соқпақтары белгіленеді, олар жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аймақтар болып табылады.

2. Күзетілетін аймақтарға енгізілген жер сол жерде арнаулы таңбалармен көрсетіледі. Бұл жерлер жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қ о ю ғ а ж а т п а й д ы .

3. Күзетілетін аймақтарды белгілеу тәртібін және олардағы жер пайдалану, жұмыс режимін жерді меншікке немесе пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес айқындайды.

##### **19-бап. Байланыс құралдарын, ғимараттарын, радиожилік спектрін және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын қорғау мен күзету**

1. Байланыс құралдары, ғимараттары, радиожилік спектрі және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позициялары мемлекеттің қорғауында болады.

2. Байланыс құралдарын, ғимараттарын, радиожилік спектрін, байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын күзету Қазақстан Республикасының з а ң д а р ы м е н б е л г і л е н е д і .

3. Радиожилік спектрін және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын пайдаланудың белгіленген тәртібін қорғау мақсатында заңдарда электромагниттік жүйелердің жұмыс істеуіне нормаланбаған кедергілер туғызатын радиоэлектрондық құралдарды Қазақстан Республикасында өндіруге және әкелуге шектеулер белгіленуі мүмкін.

4. Телекоммуникациялар құралдарының, ғимараттарының зақымдануына, радиоэлектрондық құралдар мен жиілігі жоғары қондырғыларды дайындаудың, сатып алудың, әкелудің, пайдалану мен тіркеудің, барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жиілігі жоғары қондырғылардың жұмысы үшін радиожилікті пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзуға жол берген, сондай-ақ теле- және радио қабылдауға нормаланбаған кедергілер жасайтын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

#### **5-тарау. Байланыс желілерін дамыту**

##### **20-бап. Байланыс желілерін дамыту**

1. Байланыс желілерін дамыту саланы дамытудың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Байланыс желілерін дамытуға бағытталған шараларды қаржыландыру республикалық бюджет, банк кредиттері, өз қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың тікелей отандық және шетелдік инвестицияларын тарту есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Тұрғын үйлер мен басқа да объектілер салған кезде байланыстың ішкі және кварталішілік желілерін жобалау мен жүргізуді, сондай-ақ абоненттік почта шкафтарын орнатуды құрылысқа тапсырыс берушілер өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

4. Тұрғын үй алаптарын кешенді салу, өндірістік объектілер мен оларға іргелес елді мекендерді салу кезінде, азаматтық ғимараттар мен почта бөлімшелерінің үй-жайларын қоса алғанда, байланыстың барлық құралдарын жобалау мен салу тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары нормативтерге сәйкес почта байланысы объектілерін орналастыруға арналған үйлер салуды көздеуге, сондай-ақ почта байланысы ұйымдарына салулы тұрған (немесе салынып жатқан) тұрғын немесе өзге де үйлерден технологиялық нормаларға сәйкес келетін жеке үй-жайларды шарт жағдайларымен беруге міндетті.

5. Үйлерді, ғимараттарды, жолдарды, көпірлерді және басқа объектілерді салған немесе қайта құрған кезде байланыс желілерін қайта орналастыру мен көшіру жөніндегі жұмыстар құрылысқа тапсырыс берушінің есебінен байланыс желілерінің меншік иелері және (немесе) пайдаланушылары беретін стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес орындалады.

#### **21-бап. Көлік құралдарын пайдалану**

1. Байланыс операторларына шарттық жағдайларда темір жол, теңіз, өзен, әуе және автомобиль көлігінің барлық маршруттары мен желілері бойынша почта байланысы қызметкерлерінің ілесуімен почта тасымалдау немесе оны тасымалдау үшін көлік ұйымдарының жауапкершілігіне беру құқығы беріледі.

2. Қалааралық және халықаралық жол жүру маршруттары бойынша тұрақты тасымал жасауды жүзеге асыратын көлік ұйымдары почта жөнелтімдерін тасымалдауға шарт жасасудан, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерді қоспағанда, бас тарта алмайды.

#### **22-бап. Байланыс желілерін дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде жерді беру мен пайдалану**

1. Күзетілетін аймақтарды қоса байланыс объектілері орналасқан жер учаскелері байланыс қызметін көрсету ісімен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға меншікке немесе жерді пайдалануға, сондай-ақ тиісті лицензия

алғаннан кейін жер учаскесін шектеулі нысаналы пайдалану құқығымен { с е р в и т у т ) б е р і л е д і .

2. Автомобиль және теміржол станциялары, әуежайлар, теңіз, өзен порттары мен айлақтары жанынан почта тасымалы бөлімшелері үшін үйлер мен ғимараттар салуға арналған жер учаскелері автомобильдермен, почта вагондарымен, ұшақтармен, теңіз және өзен кемелерімен жеткізілген почта жөнелтімдерін алмасу үшін жағдайлар қамтамасыз етіліп, вокзал үйлерінің дәл жанынан, ал қалалық почтамттар мен почта байланысы тораптарының құрылысына қаланың орталық бөлігінен бөлінуге тиіс.

3. Жер учаскелерін беру тәртібі мен көлемі, күзетілетін аймақтарды белгілеу мен соқпақтар жасау, сондай-ақ оларды пайдалану режимдері Қазақстан Республикасының жер қатынастары туралы заңдарымен белгіленеді.

4. Жеке және заңды тұлғалардың меншік нысандарына қарамастан атқарушы органдардың шарттары мен шешімдеріне сәйкес көпірлер, туннелдер, көшелер, автомобиль жолдары мен темір жолдар, құрылыстар, коллекторлар, тыйым салынған аймақтар, ормандар, сулар арқылы байланыс желілерін тартуға құқығы б а р .

5. Жер пайдалануды ерекше жағдайлары бар аймақтардағы телекоммуникациялық желілер мен объектілер құрылысы Қазақстан Республикасының жер қатынастары туралы заңдарымен белгіленеді.

6. Байланыс желілерін тартқан немесе құрылыс тұрғызған кезде нұқсан келтірілген жағдайда байланыс ұйымдары меншік иелеріне жер пайдаланушыларға келтірілген залалды өтеуге, трассаларды тиісті күйге келтіруге және жерді қалпына келтіруге міндетті.

7. Меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалар желілер мен объектілер салған кезде табиғат қорғау технологияларын қолдануға және өз қызметінің нәтижесінде экологиялық жағдайдың нашарлануына жол бермеуге тиіс. Қоршаған ортаға және халықтың экологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келтіргені үшін жоғарыда аталған ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

8. Жаңадан елді мекендер салу, кеңейту, қайта құру, жаңа жерлерді игеру, мелиорация жүйелерін қайта орналастыру, пайдалы қазбаларды игеру салдарынан байланыс ғимараттарын көшіруді немесе қайта орналастыруды стандарттарға сәйкес және байланыс желілері иелерінің және (немесе) пайдаланушыларының техникалық шарттары бойынша құрылысқа тапсырыс берушілер өз есебінен жүргізеді. Бұл орайда байланыс құралдарының қуатын ұлғайту байланыс ғимараттары иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

9. Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің операторына жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар объектілері мен желілері



почта, телеграф және өзге де хабарларының құпиялылығын заңсыз бұзған байланыс операторлары заңдарға сәйкес жауапкершілікте болады.

4. Байланыс операторының жергілікті телефон жалғауды уақытына қарай есептеуді жүзеге асыруға техникалық мүмкіндіктері болған жағдайда байланысты пайдаланушы - жеке тұлға қызметке абоненттік немесе уақытына қарай ақы төлеу жүйелерінің бірін таңдап алуға құқылы.

Қызметке уақытына қарай ақы төлеу кезінде байланыс операторы пайдаланушының талабы бойынша ақысы төленуге тиісті жергілікті телефон жалғау туралы тегін жазбаша ақпарат беруге міндетті.

Ондай ақпарат берілмеген жағдайда пайдаланушы қызметке ақы төлеуді абоненттік жүйе бойынша жүргізуге құқылы.

Байланысты пайдаланушы - заңды тұлға төлемді жергілікті телефон жалғаудың уақытына қарай ақы төлеу жүйесі бойынша жүзеге асырады. <\*>

*Ескерту. 24-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 379 Заңымен.*

## **7-тарау. Байланыс қызметтерін көрсету ерекшеліктері**

### **25-бап. Байланыс операторларының қызметінде тілдер мен әліпбилерді пайдалану**

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, байланыс желілерінде меншік нысанына қарамастан, байланыс операторларының қызметтік іс жүргізуі мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының шегінде жіберілетін жеделхаттар мен почта жөнелтімдерін жіберуші мен алушының мекен-жайлары жөнелтушінің қалауы бойынша мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ресімделуге тиіс.

3. Жеделхаттың мәтіні жөнелтушінің қалауы бойынша мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жазылуға тиіс.

4. Байланыс желілері арқылы берілетін халықаралық хабарламалар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінің нормаларында белгіленетін тілдерде өңделеді.

5. Мемлекеттік тіл мен орыс тіліндегі ақпараттық, анықтамалық, байланыс операторларының қызметіне қатысты басқа да мәліметтер, сондай-ақ бланк өнімінің үлгілері пайдаланушыларға ыңғайлы жерлерге орналастырылады.

6. Почта байланысы бөлімшелері, почтамттар, сөйлесу пункттері, ақпараттық-анықтамалық қызметтер операторларының, байланыс кәсіпорындарының (ұйымдарының) басқа да қызметкерлерінің тікелей пайдаланушылармен жұмыс процесінде тілдесуі мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жүзеге асырылады.

### **26-бап. Байланыс саласындағы есепке алу-есеп беру уақыты**

1. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асырған кезде хабарламалар мен ақпаратты беру немесе қабылдап алудағы технологиялық процестерде байланыс операторлары олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жеріне қарамастан, байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейтін бірыңғай есепке алу-есеп беру уақытын қолданады.

2. Байланыс қызметінің көрсетілу уақыты туралы пайдаланушыларға хабарлау жергілікті уақыт бойынша жүргізіледі.

3. Халықаралық байланыста есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

## **8-тарау. Байланыс саласында қызметті жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілік**

### **27-бап. Байланыс операторлары мен пайдаланушыларының жауапкершілігі**

1. Байланыс операторлары бағалы почта жөнелтімдерінің жоғалғаны, бүлінгені үшін - жарияланған бағаланымы мен алынған тариф мөлшерінде, жеделхат мәтінінің мағынасы өзгеретіндей бұрмаланғаны, жеделхаттың жеткізілмегені немесе жеделхаттың белгіленген мерзімі өтіп кеткен соң адресатқа табыс етілгені үшін заңдарда белгіленген тәртіппен материалдық жауапкершілікте болады.

2. Байланыс қызметін пайдаланушы шарттық жағдайларды, жабдықты пайдалану ережелерін бұзған, желіде сертификатталмаған жабдықты пайдаланған, сондай-ақ байланыс қызметіне уақтылы ақы төлемеген жағдайда байланыс операторының, осы Заңның 8-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жазбаша хабарландырудан кейін кемшіліктер жойылғанға дейін заңдарға сәйкес байланысты пайдаланушыға байланыс операторының кірісі ысырабының орнын толтырта және жабдықтың зақымдалуы немесе бос тұруы салдарынан байланыс операторына келтірілген залалды өтеттіре отырып пайдаланушының байланыс желісін пайдалануын тоқтата тұруға құқығы бар.

3. Хабарламаны беру немесе қабылдап алу не почта жөнелтімдерін жөнелту немесе жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, егер міндеттемелердің бұлайша орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы байланысты пайдаланушының кінәсінен не шамасы келмейтін жағдайлар салдарынан болғаны дәлелденсе, байланыс операторы жауап бермейді.

## **9-тарау. Халықаралық ынтымақтастық**

### **28-бап. Халықаралық ынтымақтастық**

1. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері

қ о л д а н ы л а д ы .

2. Байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастық халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

3. Халықаралық қызметте байланыс саласындағы уәкілетті орган өзіне Қазақстан Республикасының Үкіметі берген және халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттігі шегінде халықаралық байланыс одақтары мен ұйымдарында өкілдік етіп, Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғайды.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

*Заңның мәтіні ҚР Парламентінен түскен ресми жіберілімнен алынды.*